



БҮЙРЫҚ

2022 жылғы 9 наурыз  
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 53-НЦ  
город Нур-Султан

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша тестілеу өткізу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша тестілеу өткізу жөніндегі қағидалар бекітілсін.
2. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары Ф.Е. Сұлтабаевқа жүктелсін.
3. Осы бүйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор



Р. Емелбаев

**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)»  
бойынша тестілеу өткізу жөніндегі қағидалар**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша тестілеуді өткізу жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде өзірленді және қазақ тілін менгеру деңгейін бағалауға арналған тестілеу тәртібін айқындайды.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) құзыretіне кіреді.

ҚАЗТЕСТ бойынша тестілеу еki түрге бөлінеді: диагностикалық және сертификаттық. Диагностикалық және сертификаттық тестілеу қағаз және (немесе) электронды түрде өткізіледі.

**2-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Анықтама – тестілеу бойынша нәтижелер көрсеткішін растайтын құжат;

2) Диагностикалық тестілеу – жеке тұлғаларға Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жазылған, тест нәтижелері көрсетілген анықтама түрінде немесе заңды тұлғаларға емтихан тізімдемесі түрінде берілетін қазақ тілін білу деңгейін анықтауға арналған тестілеу түрі;

3) Емтихан тізімдемесі – тестіленушілердің тізімі мен олардың тестілеу нәтижелері көрсетілген, тестілеу нәтижесі бойынша заңды тұлғаларға әліпбілік тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» респубтикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) беретін ресми құжат;

4) Жазба жұмыс дәптері – қағаз форматта жазылым бөлігінің тапсырмаларын орындастырын дәптер;

5) Жауап парагы – қағаз форматта тестіленуші тест тапсырмаларының жауаптарын белгілейтін тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған арнайы бланк;

6) Жергілікті жауапты тұлға – тестілеу өткізілетін мекеме немесе өнірлердегі тестілеуді ұйымдастыруға жауапты қызметкер.

7) Қағаз форматтағы ҚАЗТЕСТ тестілеуі – әрбір тестіленушіге сұрақ кітапшасын, жазба жұмыс дәптерін және жауап парагын беру жолымен жүргізілетін тестілеу;

8) Орталықтың уәкілетті өкілі – лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес қазақ

*Руслан Даулетов*

тілін менгеру деңгейін бағалау үшін диагностикалық және сертификаттық тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарын үйлестіретін Орталық қызметкері.

9) Сұрақ кітапшасы – тестіленушілерге оларды отыргызғаннан кейін берілетін белгілі бір нұсқасы бар Тыңдалым, Лексика-грамматикалық құрылым, Оқылым бөліктері бойынша тест тапсырмалары жинақталған емтихан материалы;

10) Орталық программисі – лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес емтихан нәтижелерін өндейтін Орталық қызметкері;

11) Сертификат – қазақ тілін белгілі бір деңгейде менгергенін растайтын сертификаттық тестілеу нәтижесінің көрсеткішін қамтитын құжат;

12) Сертификаттық тестілеу – Орталықтың сертификат беруі арқылы анықталған деңгейді бағалауға және растауға бағытталған тестілеу түрі;

13) Электронды сертификат – Ұлттық тестілеу орталығының немесе ҚАЗТЕСТ сайтында жарияланатын ҚАЗТЕСТ балдарын ресми растайтын тестіленушінің бірегей деректері бар электронды құжат;

14) Электронды форматтағы ҚАЗТЕСТ тестілеуі – әрбір тестіленуші үшін компьютерді пайдалану жолымен өткізілетін тестілеу;

### **3-тарау. Қағаз немесе электронды форматта ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеулерге өтінім беру тәртібі және тестілеу түрлері**

3. Қағаз немесе электронды форматта диагностикалық және сертификаттық тестілеулер осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Орталық басшылығы бекіткен кесте бойынша жұмыс күндері (мереке күндерін қоспағанда дүйсенбі-жұма аралығында) өткізіледі.

Тестіленушілер қызмет төлемақысы жасалғаннан кейін онлайн сертификаттық тестілеуден өту үшін өзіне ынғайлы уақытты таңдай алады.

4. Диагностикалық және сертификаттық тестілеулерге өтінішті жеке азаматтар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) веб-сайты арқылы бере алады. Ал занды тұлғалар бірінші басшының немесе басшының міндетін атқарушының қолы қойылған ұйымның ресми хаты арқылы береді.

5. Диагностикалық тестілеу: 1 сағат 40 минут (100 минут) уақытты құрайды. Диагностикалық тестілеу 100 сұрақтан тұратын келесі бөліктерді қамтиды:

Тыңдалым – 20 тапсырма (20 минут);

Лексика-грамматикалық құрылым – 40 тапсырма (30 минут);

Оқылым – 40 тапсырма (50 минут).

Әр тапсырма бір балмен бағаланады. Әрбір дұрыс жауап үшін бір балл беріледі.

6. Сертификаттық тестілеу – Тыңдалым, Лексика-грамматикалық құрылым, Оқылым бөліктері бойынша 100 тест тапсырмасынан, Жазылым бөлігі бойынша деңгейге сәйкес 2-3 жазбаша тапсырмадан және Айтылым бөлігі бойынша 1-2 ауызша тапсырмадан тұрады.

Тыңдалым – 20 тапсырма (20 минут);

29  
A. A. Smetanina

Лексика-грамматикалық құрылым – 40 тапсырма (30 минут);  
Оқылым – 40 тапсырма (50 минут);  
Жазылым – 2-3 тапсырма (35-60 минут);  
Айтылым – 1-2 тапсырма (7 минут).

7. Қағаз немесе электронды форматта диагностикалық және сертификаттық тестілеулер жеке тұлғалар үшін тек Нұр-Сұлтан қаласында, ал заңды тұлғалар үшін (тестілеу аудиториялары болған жағдайда) шақыруышы тараптың ғимаратында, облыстарда және Алматы, Шымкент қалаларында тапсырыс беруші мекеменің базасында өткізіледі.

#### **4-тарау. ҚАЗТЕСТ емтиханына кіргізу тәртібі**

8. Тестілеу өтетін аудиторияға жеке азаматтар өтініштерінің негізінде жеке басын куәландыратын құжат бойынша (жеке куәлік немесе төлкүжат) кіргізіледі. Сонымен қатар, жеке тұлғалар екінші деңгейлі банк бөлімшелерінде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қызмет ақысын төлеген жағдайда қызмет төлемақысын растайтын құжатты (түпнұсқасын) ұсынады, онлайн төлем кезінде тапсырыс нөмірі көрсетілген түбіртек көшірмесін ұсынады;

9. Заңды тұлғалар (өз қызметкерлеріне тестілеу өткізуге ниет білдіретін заңды тұлға) өтініш-хат негізінде тізім бойынша кіргізіледі. Сонымен қатар ақы төленгенін растайтын құжат (түпнұсқасын) немесе жасалған қызмет көрсету шартын (сертификаттық тестілеу жағдайында) ұсынады.

10. Тестілеуге кіргізу барысында тестіленушінің орнына бөгде тұлғаның кіргені анықталған жағдайда осы Қағидалардың З-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Тестілеуге кіргізу барысында тестіленушінің орнына бөгде тұлғаның анықталғандығы туралы акт» толтырылады және тестіленуші ағымдағы жылы тестілеуден шеттетіледі. Тестілеуге «бөгде тұлғаларды» тартқан тестіленушілер де ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

11. Орталықтың уәкілетті өкілі тестіленушіні аудиторияға кіргізу барысында оның өзімен бірге окулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, фотоаппарат, ақпаратты тасымалдау функцияларымен кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон)), ноутбуектер, плейерлер, модемдер (ұялы роутерлер), радио-электрондық байланыстың кез келген түрін Wi-Fi, радио-электрондық байланыстың кез келген түрін Bluetooth (Блютуз), DECT (дект), 3G (3 Дж), 4G (4 Дж), 5 G (5 Дж), смарт сафат, сымды және сымсыз құлаққаптар және т. б.) шпаргалкалар кіргізбеуін қадағалайды.

12. Тестіленуші жеке басын сәйкестендіру рәсімінен өткеннен кейін тестілеу аудиториясына кіріп, бос жұмыс орнына отырады.

## **5-тaraу. Қағаз форматта ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу өткізу тәртібі**

13. Орталықтың уәкілетті өкілі тестіленушілерді отырғызғаннан кейін:

1) тестілеу материалдарымен жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді;

2) тестіленушілерге жауап параптарын таратады;

3) жауап парапының қызметтік секторлары толтырылған соң тестіленушілерге тест тапсырмалары бар сұрақ-кітапшаларын таратады.

14. Жауап парапы осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

1) 1 және 2-секторларда жоғарғы торкөздерге көлденеңін тестіленушінің жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген тегі және есімі баспа әріппен (бар болған жағдайда) жазылып, әр әріптің астындағы торкөздегі әріптерге сәйкес дөңгелекшелер толық боялады;

2) 3 және 4-секторларда тестіленушінің азаматтығы және тест өткізіліп отырған аймақтың коды сұрақ-кітапшасының соңғы бетіндегі азаматтық коды көрсетілген кестеге сәйкес және 5-секторда тестіленушінің ұлты ұлттар коды сұрақ-кітапшасының соңғы бетіндегі кесте бойынша жазылып, боялады;

3) 6-секторда тестіленушінің туған жылының соңғы екі саны жазылып, боялады;

4) 7 және 8-секторларда тиісті деңгей және тестіленушінің жынысы боялады;

5) 9-секторда тестіленушінің әлеуметтік коды (санаты) жауап парапының артқы бетінде көрсетілген кестеге сәйкес;

6) 10-секторда тестіленушінің сұрақ кітапшасында көрсетілген нұсқа нөмірі;

7) 11-секторда тестіленушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) жазылып, боялады;

8) 12-секторда тестіленуші «Қолтаңба» деген түсіна қолын қояды;

9) 13-секторда Тыңдалым бөлігі бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырма берілген төрт жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдау қажет. Таңдалған жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;

10) 14-секторда Лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырма берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау қажет. Таңдалған жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;

11) 15-секторда Оқылым бөлігі бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырма берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау қажет. Таңдалған жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;

Тестіленуші жауап парапының тәменгі он жақ бұрышына тестілеу өткізілген күнди жазады.

15. Жауап парапы көк немесе қара (түсті) сиялды қаламсаппен толтырылады.

16. Жауап парапын умаждауға, жыртуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парапын шығаруға, осы Ұсынымның 5-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдалануға тыйым салынады.

17. Жауап парапының дөңгелекшелері шенберінен шығарылмай толық боялуы тиіс.

18. Жауап парапының артқы бетінде жауап парапын дұрыс толтыру үлгісі берілген.

19. Жауап парапы секторларының және дөңгелекшелерінің дұрыс толтырылуын тестіленуші өзі бақылайды.

20. Жауап парапы бір данадан беріледі, жауап парапы ауыстырылмайды және тестіленушінің ҚАЗТЕСТ нәтижесін растайтын бірден-бір құжат болып табылады.

21. Тестіленуші ұсынылған кітапшаның мұқабасын толтырады.

22. Тестіленушілер жауап параптарының қызметтік секторларын және кітапшаның мұқабасын толтырған соң Орталықтың үәкілетті өкілі тақтаға тестілеудің басталу және аяқталу уақытын жазады. Тестіленушілерді аудиторияға кіргізу тестілеудің басталғандығы хабарланған сәтте тоқтатылады.

23. Тестілеу жүргізу кезінде тестіленушіге дәліз бойынша кезекшінің қызметін атқаратын Орталықтың үәкілетті өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға; сөйлесуге; орнын ауыстыруға; тестілеу материалдарымен алмасуға; аудиториядан тестілеу материалдарын шығаруға; тестілеу материалдарын (жауап параптарын және кітапшаларын) жыртып алуға, түзетуші сұйықтықты пайдалануға тыйым салынады. Тындалым және Жазылым бөліктері бойынша аудиоматериал дыбысталуы кезінде аудиториядан шығуға тыйым салынады. Басқа уақытта аудиториядан кезекпен 5-10 минуттан артық емес уақытқа тестілеу аяқталғанша бір адамға 2 рет қана шығуға рұқсат беріледі.

24. ҚАЗТЕСТ өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, Орталықтың үәкілетті өкілі бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін» жасайды. Бөгде тұлғалар аудиториядан шығарылады және және тестіленуші ағымдағы жылы тестілеуден шеттетіледі.

25. Тестіленуші осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ тестіленуші осы Қағидалардың 11-тармағын бұзған жағдайда Орталықтың үәкілетті өкілі кезекшімен бірге тестіленушінің қатысуымен осы Ұсынымның 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған тестіленушіні аудиториядан шығару туралы акт» толтырады. Тестіленуші аудиториядан шығарылады. ҚАЗТЕСТ нәтижелері өндөлмей жойылады және тестіленуші ағымдағы жылы тестілеуден шеттетіледі.

Тестілеу барысында тестіленушілер бір-бірінен жауаптарды көшірген жағдайда, екі тестіленушінің де жұмысы өндөлмей жойылады, тестіленушілер ағымдағы жылы тестілеуден шеттетіледі.

*Х. Суюнбаев*

26. Тестілеу уақыты аяқталған соң тестіленуші тестілеу материалдарын өткізуден бас тартқан жағдайда Орталықтың үәкілетті өкілі Жергілікті жауапты тұлғамен тестіленушінің қатысуымен осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Тестілеу уақыты аяқталған соң тестіленушінің тестілеу материалдарын уақытылы тапсырмада фактісі туралы акт» толтырылады. Тестілеу нәтижелері өндөлмей жойылады және ағымдағы жылы тестілеуден шеттетіледі.

27. Тестілеуді уақытынан бұрын және уақытында аяқтаған тестіленушілер жауап парагы мен кітапшасын Орталықтың үәкілетті өкіліне тапсырады.

28. ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өтетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар тестіленушілерге Орталықтың үәкілетті өкілінің шешімімен тестілеуден өту кезінде көмекшісінің (бар болған жағдайды) көмегіне жүргінуге рұқсат беріледі және қосымша 30 минут уақыт беріледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тестіленушілер жеке көмекші қызметіне мұқтаж болған жағдайда жеке көмекші қызметін ұсыну қажеттілігі жөнінде алдын ала ескертеді.

Орталықтың үәкілетті өкілі есту, көру, тірек-қымыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге мүгедектігі жөнінде құжат ұсынылған жағдайда тестілеу шенберінде жеке көмекшіні және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін ымдау тілін менгерген маманды ұсынуды ұйымдастырады.

29. Жауап парагы мен кітапшаны қабылдау барысында Орталықтың үәкілетті өкілі жауап парагындағы барлық қызметтік секторлардың және кітапша мұқабасының толтырылуын тексергеннен кейін тестіленуші аудиториядан шығады.

30. Тестілеу аяқталғаннан кейін пайдаланылған кітапшалар осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «ҚАЗТЕСТ сұрақ кітапшаларын жою туралы акт» жасала отырып жойылады.

## **6-тарау. Қағаз форматта тестілеу нәтижесін өндеу және тестілеу нәтижесін беру**

31. ҚАЗТЕСТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады: бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балл беріледі, басқа жағдайда нөл болып есептеледі; сертификаттық тестілеуде Жазылым бөлігі осы Қағидалардың 9-қосымшасына, ал Айтылым бөлігі осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес бағаланады.

32. Жазылым және Айтылым бөліктерін тексеру үшін сарапшылар Орталық басшылығы бекіткен «Тапсырма әзірлеушілері, сарапшылары мен түзетушілері және аудиоматериалдарды дыбыстаушы дикторларды іріктеу» бүйіріғына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оку орындарының жоғары білікті оқытушылары, лингвистері және әдіскерлері, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері арасынан іріктеліп алынады.

*Жұ* *Денес*

33. Айтылым бөлігінде әр тестіленушінің жауабы аудиотаспаға басып алынады. Айтылым бөлігі алдын ала дайындықсыз жүргізіледі және Орталықтың уәкілетті өкілі мен тестіленушінің жеке сұхбаты түрінде жүзеге асырылады.

34. Жауп парактарын сканерлеуді Орталық программисі Орталықта жүргізеді.

35. Диагностикалық және сертификаттық тестілеулердің нәтижелері Нұр-Сұлтан қаласының жеке және занды тұлғалары үшін тестілеу аяқталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде және облыстар мен Алматы, Шымкент қалалары үшін тестілеу аяқталған күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде беріледі.

36. Диагностикалық тестілеу нәтижелері жеке тұлғаларға осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес анықтама Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) түрінде, ал занды тұлғаларға осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес емтихан тізімдемесі түрінде беріледі.

37. Сертификаттық тестілеу нәтижелері жеке тұлғаларға Орталық деңгейді растаған жайғайда осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес Т.Е.Ә. көрсетілген (бар болған жағдайда) сертификат, ал деңгейді растамаған жағдайда осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес әр бөліктен жинақтаған балл саны көрсетілген анықтама береді. Занды тұлғаларға осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес емтихан тізімдемесі және деңгейді растаған қызметкерлердің сертификаттарын береді.

38. Сертификат алу үшін осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес әр бөлік бойынша дұрыс жауптардың 60 (алпыс) пайыздық шекті санын жинау қажет және Жазылым бөлігінің тапсырмалары 50 балдық шкаламен, ал Айтылым бөлігінің тапсырмалары 10 балдық шкаламен бағаланады.

**ҚАЗТЕСТ** жүйесі бойынша аппеляция қарастырылмаған.

Егер тестіленуші емтихан нәтижесімен келіспесе, Орталық директорына өтініш жазып, Орталық директорының рұқсатымен өз жауп парагының көшірмесімен (сканерленген нұсқасы) және тексерілген жазба жұмысымен Орталықта өзі таныса алады.

Тестіленуші тапсырған деңгейін растамаған жағдайда, тестіленушіге сол деңгейді 1 айдың (30 күнтізбелік күн) ішінде тағы да 2 рет қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі. Ал тапсырған деңгейінен төмен немесе бір деңгейге жоғары деңгейлерді осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Орталық басшылығы бекіткен кесте бойынша жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) тапсыра алады.

**ҚАЗТЕСТ** сертификатының жарамдылық мерзімі төмендегідей:

Қарапайым деңгей (A1) – 2 жыл;

Базалық деңгей (A2) – 2 жыл;

Орта деңгей (B1) – 2 жыл;

Ортадан жоғары деңгей (B2) – 3 жыл;

Жоғары деңгей (C1) – 3 жыл.

Сертификаттың оң жағындағы төменгі бұрышында құжаттың берілген күні мен жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

Сертификаттың дубликаты берілмейді. Себебі сертификат бланкіндегі сериялық номірі екінші рет қайталанбайды. Сертификаттың түпнұсқасын жоғалтқан жағдайда, Орталық тестіленушіге Т.Е.Ә. көрсетілген (бар болған жағдайда) және әр бөліктен жинақтаған балл саны көрсетілген анықтама береді. Аталған анықтама ресми құжат болып саналмайды.

39. Жеке тұлғалар диагностикалық және сертификаттық тестілеулердің нәтижелерін жұмыс күндері 17:00-ден 18:00-ге дейін өздері Орталықтан алып кетеді. Сертификат алғанда тестіленушілер сертификат беру реестрина қол қояды. Егер тестіленуші тестілеу нәтижелерін өзі алып кете алмаса, ол өзінің сенімді тұлғасын жібере алады. Тестілеу нәтижесін алу үшін тестіленушінің сенімді тұлғасы Орталыққа сенімхат ұсынуы керек.

Занды тұлғаларға диагностикалық және сертификаттық тестілеулердің нәтижелерін Орталық пошта қызметі арқылы жолдайды.

40. Диагностикалық және сертификаттық тестілеулердің құны білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып, «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 146-бабына сәйкес жүргізіледі.

## **7-тарау. Электронды форматта ҚАЗТЕСТ өткізу тәртібі**

41. Электронды форматта ҚАЗТЕСТ өткізу кезінде тестіленушілер бір-бірден компьютерлік сыныпқа кіргізіледі, бұл ретте тестіленушіні жеке басын куәландыратын құжатпен сәйкестендіру жүргізіледі.

Тестілеуді бастау үшін тестіленуші келесі әрекеттерді орындаиды:

- 1) экрандағы өрісте жеке басын куәландыратын құжатпен сәйкестендіру арқылы құжат номірін енгізеді;
- 2) ОК батырмасын басады;
- 3) ҚАЗТЕСТ тестілеуінің бағдарламасын ашады;
- 4) ҚАЗТЕСТ тапсыруға кіріседі.

42. Электронды тестілеу тестіленушіге тестілеу кезінде жауап беруде қындық туындаған жағдайларда келесі сұрақтарға өтуге, жауап нұсқаларын өзгертуге мүмкіндік береді.

Электрондық тестілеуде тестіленуші тест тапсырмаларын үш бөлік бойынша орындалп болғаннан кейін Жазылым және Айтылым бөліктерінің тапсырмаларын орындауға көшеді. Жазылым бөлігінде аудиофайлды тыңдалап болғаннан кейін тестіленушілерге диктант, мазмұндама, эссе жазуға және таңдалған деңгейіне сәйкес тапсырмаларды орындауға арналған арнайы орын беріледі.

Айтылым бөлігінде ситуативті жағдаяттар, таңдалған деңгейіне сәйкес ұсынылған тақырып бойынша сұрақтар беріледі және тестіленуші жауаптарының аудиожазбасы жүргізіледі.

Тестілеу аяқталғаннан кейін тестіленуші тестілеуді «Аяқтау» батырмасын басу арқылы растайды.

43. Тестілеу қорытындысы бойынша тестіленушінің компьютер экранында барлық бөліктер бойынша жинаған балл сомасы мен ҚАЗТЕСТ-тің жалпы балы көрсетіледі.

### **8-тарау. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша электронды сертификат беру**

44. Орталық берген электронды сертификаттар міндettі түрде сертификаттарды берудің Бірыңғай тізліміне енгізіледі.

45. Сертификаттың тұпнұсқалығын тексеру [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) ресми сайтында онлайн жүзеге асырылады. «Сертификатты тексеру» мәзірінде сертификат бланкісінің сериясы мен тіркеу нөмірін енгізу арқылы іздестіру жүргізіледі.

46. ҚАЗТЕСТ нәтижелері мен электронды сертификат [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) веб-сайтында тестіленушінің жеке кабинетінде сақталады.

47. Қағаз жүзіндегі және (немесе) электронды сертификатта тестіленушінің аты-жөні (болған жағдайда) жеке басын күеландыратын күжатқа сәйкес толтырылады.

48. Қағаз жүзіндегі және/немесе электронды сертификатта әр бөлік бойынша алынған ҚАЗТЕСТ балдары бойынша деректері және 38-тармаққа сәйкес сертификаттың жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 1-қосымша

БЕКІТЕМІН  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Ұлттық тестілеу орталығының директоры

қолы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)  
M.O.

(күні, айы, жылы)

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**  
**Ұлттық тестілеу орталығының ғимаратында**  
**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша азаматтарға**  
**тестілеу өткізудің \_\_\_\_ жылға арналған кестесі**

| № | Тестілеу деңгейі    | Тестілеу түрі | Апта<br>күндері | Тестілеу<br>уақыты | Тестілеу<br>өтетін<br>аудитория |
|---|---------------------|---------------|-----------------|--------------------|---------------------------------|
| 1 | A1 - Қарапайым      | Сертификаттық | дүйсенбі        |                    |                                 |
| 2 | A2 - Базалық        |               | сейсенбі        |                    |                                 |
| 3 | B1 – Орта           |               | сәрсенбі        |                    |                                 |
| 4 | B2 - Ортадан жоғары |               | бейсенбі        |                    |                                 |
| 5 | C1 - Жоғары         |               | жұма            |                    |                                 |

ЖР

Бибіке

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 2-қосымша

Google chrome браузеріне [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) деп теріңіз.

Почта Картинки ⚙

# Google

Поиск kazakhtest kz

КазTest Mail.ru Вход - Docs... Поиск человеков... Преобразователей

Яндекс Входящие – Интернет Добавить Яр...

Национальные Языки

Настройте Chrome

**Сертификаттық тестілеуге өтінім беру** батырмасын таңдаңыз.

Сайт адресса Наша главная страница дата 27.09.2021 Астана 10:44

**QAZTEST** КАЗАК ТІЛІН МЕНГЕРУ ДЕНГЕЙІН  
БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ - ҚАЗТЕСТ

тел. +7 7012 69 52 96, 69 52 85,  
E-mail: test@kazakhtest.kz

КАЗ QAZ РУС ENG

БАРДА СЫНАФЫ

БАСТАУ БАСШЫЛЫК ЖАЛПЫ АКПАРАТ ҚЫЗМЕТ ЖУКТЕУ ХАБАРЛАҢДЫРУ БАЙЛАНЫС СУРАҚ-ЖАУАП СЕРТИФИКАТЫ ТЕКСЕРУ

КАЗТЕСТ жүйесінде орналасқан компьютерлік тестілеу

Сертификаттық тестілеуге кіткесуға отінім беру

Онлайн тапем жасау

Барлық жаңалықтар

20.09.2021 20.09.2021 23.08.2021 02.07.2021

ИТО ГЕР  
КАЗТЕСТ 2021  
ПРЕЗИДЕНТИКЕ ЖАСТАР КАДР

Сертификаттық тестілеуге кіткесуға отінім беру

Онлайн тапем жасау

Барлық жаңалықтар

20.09.2021 20.09.2021 23.08.2021 02.07.2021

ИТО ГЕР  
КАЗТЕСТ 2021  
ПРЕЗИДЕНТИКЕ ЖАСТАР КАДР

Жеке  
София

Мәліметтерді толтырыңыз, қажетті деңгейді және тестілеу күнін белгілеп, **жіберу** батырмасын таңдаңыз.

БАСТЫ ВЕТ ЖАЛЫ АКТАРАТ ҚЫЗМЕТ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖУКТЕУ ХАБАРЛАНДЫРУ БАРЛАҢЫС СУРАҚ-ЖАУАП СЕРТИФИКАТЫ ТЕКСЕРУ

Тестілеуге катастыру үшін  
өткінді беру

Тестілеу жестесі

КАЗТЕСТ жүйесі  
бойынша тестілеу  
төлемексын аударуға  
арналған  
деректемелер

Казақ тілін білу деңгейін бағалау (КАЗТЕСТ) бойынша  
тестілеуге катастыру өтіні

Тестілеу штабының орын: Нұр-Султан қ. Родниковая көшесі 1/1  
Тел: +7 (727) 69-52-98, 69-52-85

Етаптың номинациясы: Нұсқасын толтырыңыз

Тел. (жөнде күедік болыншад)

Есім (жөнде күедік болыншад)

E-mail

Аталық тегесін көмөп

Деңгей

Тестілеу күні (Тестілеу жестесінде салынады)

Денгей

А1 - Карапайым деңгей  
А2 - Езаатек деңгей  
**В1 - Орта деңгей**  
В2 - Ортадан жоғары деңгей  
С1 - Жоғары деңгей

ЖІБЕРУ

Тестілеу күні (Тестілеу жестесінде салынады)

29-09-2021  
29-09-2021  
08-10-2021  
18-10-2021  
20-10-2021  
27-10-2021  
03-11-2021  
10-11-2021  
17-11-2021  
24-11-2021

Ақпараттық  
материалдар


  
**QAZTEST**  
Казақстандық мемлекеттік мәдениеттік жиынтық

КАЗТЕСТ жүйесі  
бойынша компьютерлік  
тестілеу



Сіздің электронды поштаңызға хабарлама жіберіледі. Электронды мекенжайды растау үшін хабарламада көрсетілген сілтеме бойынша өтіңіз. Сіз автоматты түрде КАЗТЕСТ сайтына қайта бағытталасыз. 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішіңіз қабылданғаны жөнінде хабарлама келеді.

*Ж.Ж. Сарсенов*

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға З-қосымша

**Тестілеуге кіргізу барысында тестіленушінің орнына бөгде тұлғаның  
анықталғандығы туралы акт**

Күні «\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_ жыл  
Уақыты \_\_\_\_\_ с. \_\_\_\_\_ мин.

Орталықтың уәкілетті өкілі \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ сертификаттық тестілеуі  
өткізілетін білім беру үйімінің ғимаратына кіру кезінде тестіленуші

\_\_\_\_\_  
(тестіленушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және ЖСН)  
орнына бөгде тұлғаның

\_\_\_\_\_  
(бөгде тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) және ЖСН  
кіру дерегі анықталды.

Аталған деректі ескере отырып:  
Тестіленуші

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә (бар болған жағдайда) және ТЖК)  
тестілеу өткізілетін білім беру үйімінің ғимаратына тест тапсыру үшін кіргізбеуге  
№ \_\_\_\_\_ аудиториядан шығару туралы шешім қабылданды.

\_\_\_\_\_  
(Орталықтың уәкілетті өкілінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Актімен таныстырылды:

\_\_\_\_\_  
(Тестіленуші немесе бөгде тұлғаның қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

М.О.

**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 4-қосымша**

**Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ) бойынша жауап парагының бланкісі**

|                 |                  |  |                                 |  |
|-----------------|------------------|--|---------------------------------|--|
| <b>ТЕСТ</b><br> | <b>ЕСІМІ</b><br> | <b>АЛМАСТАНЫЛЫП<br/>АЙМАЛАМЫ</b><br>   | <b>ҮЛДІМІ<br/>ЕГІНДЕЛІК</b><br> |  |
|                 |                  | <b>ТҮРІДАЛЫМ БОЛІШІ</b><br>            |                                 |  |
|                 |                  | <b>ЛЕКСИКА – ГРАММАТИКА БОЛІШІ</b><br> |                                 |  |
|                 |                  | <b>ОҚЫЛЫМ БОЛІШІ</b><br>               |                                 |  |
|                 |                  | <b>ЖЕСТИННІН</b><br>                   |                                 |  |
|                 |                  | <b>Колданба</b><br>                    |                                 | Тестілеу штатындағы күн: _____ 2018 ж.<br> |

ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІ СЫНАТЫНЫҢ ЖАУАП ПАРАГЫ

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 5-қосымша

**Тестілеуді өткізу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісі**

Күні «\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ жыл  
Уақыты \_\_\_\_\_ с. \_\_\_\_\_ мин.

Аудитория кезекшісі \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау жүйесі – Қазтест сертификаттық тестілеуі  
өткізілетін білім беру үйімінің ғимаратында тестілеу тапсыру кезінде тестіленуші

---

(тестіленушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және ЖСН)  
орнына бөгде тұлғаның

---

(бөгде тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)) және ЖСН  
тестілеу тапсыру дерегі анықталды.

Аталған деректі ескере отырып:  
Тестіленуші

---

(Т.А.Ә (бар болған жағдайда) және ТЖК)  
тестілеу өткізілетін білім беру үйімінің ғимаратында тест тапсыру үшін  
№ \_\_\_\_\_ аудиториядан шығару және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім  
қабылданды.

---

(Аудитория кезекшісінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Актімен таныстырылды:

---



---

(Тестіленуші немесе бөгде тұлғаның қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

М.О.

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға б-қосымша

**Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған  
тестіленушіні аудиториядан шығару және емтихан нәтижелерін жою туралы**

**АКТ**

Күрылымдық бөлімше \_\_\_\_\_

«\_\_\_\_» 20\_\_ жыл \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут

Орталықтың уәкілетті өкілі \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Тестілеу уақытында тестіленушіден:

Аты-жөні \_\_\_\_\_,  
жеке куәлігі \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_ аудитория, № \_\_\_\_ орын, № \_\_\_\_ нұсқа

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша тестілеуді өткізу жөніндегі  
әдістемелік нұсқаулықтың 5-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

\_\_\_\_\_ (ұялы телефон, шпаргалка және т.б.)

Осы фактін ескере отырып, қаулы етеді:

Тестіленуші: аты-жөні \_\_\_\_\_,  
жеке куәлігі \_\_\_\_\_ аудиториядан шығару және емтихан нәтижелерін жою.

\_\_\_\_\_ (Орталықтың уәкілетті өкілінің аты-жөні, қолы)

\_\_\_\_\_ (Жергілікті жауапты тұлғаның аты-жөні, қолы)

Актімен таныстым:

\_\_\_\_\_ (Тестіленушінің аты-жөні және қолы)

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 7-қосымша

**Тестілеу уақыты аяқталған соң тестіленушінің тестілеу материалдарын уақытылы  
тапсырмай фактісі туралы акт**

Құрылымдық бөлімше \_\_\_\_\_  
(атауы)

«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут

Орталықтың уәкілетті өкілі \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Жергілікті жауапты тұлға \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестіленуші: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_,

ЖСН \_\_\_\_\_, № \_\_\_\_ аудитория, № \_\_\_\_ орын, № \_\_\_\_ нұсқа,

Тестілеуге берілген уақыт аяқталуына байланысты, тестілеу материалдарын өз уақытында  
тапсырудан бас тартты. Қазтест жүйесі бойынша сертификаттық тестілеуді өткізу әдістемелік  
нұсқаулықтың 17-тармағының бұзылғандығы болып есептеледі.

Осы фактіні ескере отырып, шешім шығарылды:

тестілеу материалын алу;

тестіленуші: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_,

ЖСН \_\_\_\_\_, № \_\_\_\_\_

аудиториядан шығару және тестілеу нәтижелерін жою.

\_\_\_\_\_  
(Орталықтың уәкілетті өкілінің аты-жөні, қолы)

\_\_\_\_\_  
(Жергілікті жауапты тұлғаның аты-жөні, қолы)

Актімен таныстым:

\_\_\_\_\_  
(Тестіленушінің қолы және Т.А.Ә.)

*Нұржан Абай*

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 8-қосымша

**ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуде пайдаланылған сұрақ кітапшаларын жою туралы**  
**№ \_\_\_\_\_ АКТ**

«\_\_\_\_» 20\_\_ жыл \_\_\_\_\_  
(тапсырыс берген мекеме немесе әлеуметтік топ)

**Құрамы:**

**Жоюға қатысқан тұлғалар:**

(Тапсырыс беруші мекеменің жауапты қызметкерінің аты-жөні)

**Құрамы:**

1. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
2. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
3. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
4. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

ҚАЗТЕСТ жүйесінің сұрақ кітапшаларын жою туралы келесі актіні рәсімдеді:

| Лек номірі | Тестілеуге берілген<br>сұрақ кітапшаларының<br>саны | Жойылған сұрақ<br>кітапшаларының саны |
|------------|---|---------------------------------------|
| 1          |   |                                       |
| 2          |   |                                       |
| 3          |   |                                       |

Сұрақ кітапшаларын жою жолдары:

(жою тәсілін көрсету-механикалық ұсақтағыш немесе өртеу)

**Құрамы:**

**Жоюға қатысқан тұлғалар:**

(Тапсырыс беруші мекеменің жауапты қызметкерінің аты-жөні)

**Құрамы:**

1. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
2. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
3. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)
4. \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 9-қосымша

**ҚАЗТЕСТ бөліктері бойынша ең жоғары және шекті мән көрсеткіштері**

|                                  | Тындалым | Лексика-<br>грамматикалық<br>курылым | Оқылым | Жалпы |
|----------------------------------|----------|--------------------------------------|--------|-------|
| <b>Тапсырма<br/>саны</b>         | 20       | 40                                   | 40     | 100   |
| <b>Шекті балл<br/>көрсеткіші</b> | 12       | 24                                   | 24     | 60    |
| <b>Уақыты (мин)</b>              | 20       | 30                                   | 50     | 100   |

**Жазылым болігі**

| Деңгейлер | Жазылым<br>бөлігінің<br>тапсырма түрлері | Тапсырмаларды<br>орындауға<br>болінетін уақыт<br>(минутпен) | Ең жоғары балл<br>көрсеткіші | Шекті балл<br>көрсеткіші |
|-----------|--|---|------------------------------|--------------------------|
| A1        | Диктант                                  | 35  | 50                           | 30                       |
| A2        |  | 35  |                              |                          |
| B1        | Мазмұнданама                             | 45  |                              |                          |
| B2        |  | 55  |                              |                          |
| C1        | Эссе                                     | 60  |                              |                          |

**Айтылым болігі**

| Деңгейлер | Айтылым<br>бөлігінің<br>тапсырма<br>түрлері | Тапсырмаларды<br>орындауға<br>болінетін уақыт<br>(минутпен) | Ең жоғары балл<br>көрсеткіші | Деңгейлерге<br>жеткілікті балл<br>көрсеткіші |
|-----------|---|---|------------------------------|--|
| A1        | мәтін                                       | 7   | 50                           | 30   |
| A2        | жағдаят                                     | 7   |                              |  |
| B1        | тақырып                                     | 7   |                              |  |
| B2        | тақырып                                     | 7   |                              |  |
| C1        | тақырып                                     | 7   |                              |  |

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 10-қосымша

**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)»  
диагностикалық тестілеуі бойынша анықтама үлгісі**



**АНЫҚТАМА**

Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ

**T.A.Ә. (бар болған жағдайда)**

Қазақ тілін менгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша \_\_\_\_\_ деңгейі тестілеуіне қатысып, тест бөліктерінен мынадай нәтижелер көрсеткендігін растайды:

**Бөліктер**

**Дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіштері**

1. Тыңдалым (20 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
2. Лексика-грамматика (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
3. Оқылым (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)

Барлығы

балл ( \_\_\_\_ %)

Қазақстан Республикасы Білім және  
Фылым министрлігі  
Ұлттық тестілеу орталығының өкілі

(T.A.Ә. (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ ж.

(күні)

A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'Амангельды Сабиров'.

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 11-қосымша

**Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық  
тестілеу сынағының тізімдемесі**  
(Денгейді анықтау)

Нұр-Сұлтан қ.

(«\_\_\_\_\_» 20\_ ж.)

| № | Тегі | Есімі | Белікттер бойынша балл<br>көрсеткіштері |                         |        | Барлығы | Қазақ тілін<br>менгеру деңгейіне<br>ұсыныс |
|---|------|-------|---|-------------------------|--------|---------|--|
|   |      |       | Тындалым                                | Лексика -<br>грамматика | Оқылым |         |  |
|   |      |       |   |                         |        |         |  |
|   |      |       |   |                         |        |         |  |
|   |      |       |   |                         |        |         |  |

**Ескерту:** Нәтижелер талдауы:

20-54 - қарапайым деңгей (A1):

Қарапайым деңгей (A. 1) - 0

55-64 - базалық деңгей (A2);

Базалық деңгей (A2) - 0

65-74 - орта деңгей (B1);

Орта деңгей (B1) - 1

75-89 - ортадан жоғары деңгей (B2),

Ортадан жоғары деңгей (B2) - 1

90-100 - жоғары деңгей (C1).

Жоғары деңгей (C1) - 1

**Аудитория кезекшісі**

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), колтаңбасы)

«Үлттых тестілеу орталығы»  
РМҚК директоры

Аты-жоні (бар болған жағдайда)

ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту  
басқармасының басшысы

Аты-жоні (бар болған жағдайда)

**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қагидаларға 12-қосымша**

**Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ) бойынша сертификат**

**Сериясы** \_\_\_\_\_

**СЕРТИФИКАТ №** \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (бар болған жағдайда)

Қазақ тілін менгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша \_\_\_\_\_  
деңгейін менгергендердің және тест бөліктерінен мынадай нәтижелер көрсеткендігін растайды:

**Боліктер**

**Дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіштері**

1. Тыңдалым (20 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
2. Лексика-грамматика (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
3. Оқылым (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
4. Жазылым (2-3 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
5. Айтылым (1-2 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)

**Барлығы**

балл ( \_\_\_\_ %)

Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрлігі  
Ұлттық тестілеу орталығының өкілі

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(күні)

МО

Жарамдылық мерзімі

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 13-қосымша

**ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша сертификаттық тестілеу сынағының тізімдемесі**

Нұр-Сұлтан қ.

(«\_\_\_\_\_» 20\_ ж.)

| № | Тегі | Есімі | Денгей | Боліктер бойынша балл көрсеткіштері |                      |        |         |         | Барлығы | Тестілеу нәтижесі |
|---|------|-------|--------|-------------------------------------|----------------------|--------|---------|---------|---------|-------------------|
|   |      |       |        | Тыңдалым                            | Лексика - грамматика | Оқылым | Жазылым | Айтылым |         |                   |
|   |      |       |        |                                     |                      |        |         |         |         |                   |
|   |      |       |        |                                     |                      |        |         |         |         |                   |
|   |      |       |        |                                     |                      |        |         |         |         |                   |

A1 - Карапайым деңгей; A2 - Базалық деңгей; B1 - Орта деңгей; B2 - Ортадан жоғары деңгей; C1 - Жоғары деңгей. Ескерту: Ұсынылған тест тапсырмаларының жалпы санынан 60% дұрыс жауап нәтижесін (Тыңдалым болігі - 12 балл, Лексика-грамматика - 24 балл, Оқылым болігі - 24 балл, Жазылым болігі - 30 балл, Айтылым болігі – 30 балл) яғни 120 балл жинаған тіл үйренуші сол деңгейде тілді менгерген деп есептеледі.

**Аудитория кезекшісі**

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), колтаңбасы)

«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМҚК директоры

Аты-жөні (бар болған жағдайда)

ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту  
басқармасының басшысы

Аты-жөні (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы  
ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту басқармасы Электрондық пошта: [info@kazakhtest.kz](mailto:info@kazakhtest.kz) Сайт: [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz)

«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» бойынша  
тестілеуді өткізу жөніндегі қағидаларға 14-қосымша

**«Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)»  
сертификаттық тестілеуі бойынша анықтама үлгісі**



**АНЫҚТАМА**

Қазақ тілін менгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ

**T.A.Ә. (бар болған жағдайда)**

Қазақ тілін менгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша \_\_\_\_\_ деңгейі тестілеуіне қатысып, тест бөліктерінен мынадай нәтижелер көрсеткендігін растайды:

**Боліктер**

**Дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіштері**

1. Тыңдалым (20 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
2. Лексика-грамматика (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
3. Оқылым (40 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
4. Жазылым (2-3 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)
5. Айтылым (1-2 тапсырма) \_\_\_\_\_ балл ( \_\_\_\_ %)

Барлығы

балл ( \_\_\_\_ %)

Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрлігі  
Үлттық тестілеу орталығының өкілі

\_\_\_\_\_  
(T.A.Ә. (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(күні) \_\_\_\_\_ ж.

*[Handwritten signatures]*